

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Үй жануарлары

ЖАРИЯЛАНДЫ 28.07.2021	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/104527/
---------------------------------	--	---

Білім саласының мазмұны: «Қатынас», «Шығармашылық»

Білім бөлімдері: Тіл дамыту

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсінік беру, үй жануарларының төлдерінің атын атай білуге үйрету. Үй жануарларының аттарын және олардың беретін пайдасы туралы білімдерін бекіту. Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік қорын молайту, тілдің белсенділік қызметін арттыру.

Көрнекіліктері: Үн таспа, үлгі суреттер.

1.Сәлемдесу: Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды қаламыз

Жайнай түсті даламыз

Қайырлы таң балалар

Қайырлы таң апайла

2.Жыл мезгілі: 1.Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

2. Көктемде ауа-райы қандай болады?
3. Көктем туралы кім тақпақ біледі?
4. Көктем мезгілінде қандай мерекелер болады?

Тәрбиеші: Балалар көктемде ауа-райы жылы болады, ағаштарымыз жасыл көйлек кигендей жайнай түседі.

Тәрбиеші балаларға үй жануарлары туралы жұмбақ жасырады. Үй жануарларының суретін көрсете отырып, үй жануарлары және олардың төлдерімен танытырады.



1. Суретпен жұмыс.

1. Сұрақ жануарлардың атын ата!
2. Төлдерін ата.

Ойын: Енесін тап!

Сергіту: Шөре, шөре.

Көрініс: Мақта қыз бен мысық .

Ал балалар ертегілер әлеміне саяхат жасап қайтайық .

Сюрпризный момент: Есік тоқылдайды.

Ауылдан әжесі келеді.

1. Әжесінің сөзі: Саламатсыңдарма балалар?

Тәрбиеші: Балалар әжеміз ауылдан қонаққа келіпті. Амандасу. Демалыңыз.

Балалар сізге тақпақ айтып береді.

1. Құлыншағым- құндызым
Құлдырайды, шабады
Жылтылдаған жұлдызым
Құстай қанат қағады

2. Қара көзің мөлдіреп,
Қызықтырмай қоймайды
Жібек жүнің үлбіреп
Қарасам, көз тоймайды.

3. Шөре-шөре, лағым
Тентек болма,шырағым
Секектеме, деміңді ал,
Селтеңдемей құлағың

4. Момақаным менің,
Маңырама, төлім.
Тойғызады кешке
Енең келіп сенің.

Әже: Рахмет балалар үй жануарлары туралы тақпақ біледі екенсіңдер, ал осы жануарлардың қалай дыбыстайтынын танып білесіңдер ма?

Тәрбиеші: Балалар бәрін біледі. Мадақтау.

Әже: Ой жарайсыңдар , ауылдан сыйлық әкелдім. Сабақ біткен соң таратып береді. Қоштасу.

Тәрбиеші: Санамақ . Кел санайық санамақ

Саусақтарды даралап
Басбармағым алғашқы
Бал үйрек жалғасы
Ортан терек кезекші
Шылдыр щүмек көмекші
Шынышағым балапан
Бәріне ортақ алақан.

Ән-күй сабағы. Сәлемдесу. Қошақан әні.

Қорытынды: 1) Балалар қандай жануарлармен таныстық?

2) Төлдерін білеміз ба?

3) Балалар сиырдың төлін қалай атаймыз? Бұзау.

Бұзау қалай дыбыстайды? Мө-мө. Оларды қалай шақырамыз? Ауқал. Сиырдан біз не аламыз? Қатық, ірімшік, сүт аламыз.

Сұрақ – жауап әдісі арқылы іс — әрекетті қорытындылаймыз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үй жануарларының аттарын, төлдер аттарын атайды.

Қалыптасқан түсініктер: Жұмбақ, тақпақтар, мақал – мәтелдер туралы мәлімет алуға болатынын, үй жануарларының пайдасы барын түсінеді.